



Мектеп директоры

«БЕКІТЕМІН»

А. Нурадинов

**Қ.Пірімов атындағы «№103 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі**

Қазалы ауданы, Жалаңтөс батыр ауылы

(мектеп №, білім беру ұйымының атауы, елді-мекен, аудан/қала атауы)

**2023-2024 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың
жұмыс жоспары**

Жұмыс жоспарының мақсаты:

- Жүйелі жұмыс жоспарын жасау, тәрбие және психологтармен бірлескен жұмыс жоспарын құру;
- Балалардың панасыз және қараусыз қалуын алдын-алу, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және әлеуметтік топтағы отбасы балаларына үнемі қолдау көрсетіп есепке алу;
- Балалардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылмауын қадағалау, зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Міндеті:

- Аз қамтылған отбасы балалары мен жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құжаттарын жинақтау;
- Класс жетекшілермен бірлесе отырып, оқушылардың тұрмыстық, материалдық жағдайларына зерттеу жүргізу, әлеуметтік қолдау көрсету және білім алуына толық жағдай жасау;
- Қорғаншы және қамқоршы тәрбиешілермен байланыс орнату, қорғаншылық және қамқоршылық тәрбиеге берілген балаларға әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу және бақылау;
- Түрлі қиын жағдайлармен назарға алынған оқушыларды тіркеу, жекелеген жұмыстар жүргізу;
- Баланың жан-жақты дамуына жағдай жасау.

Күтілетін нәтиже:

- Аз қамтылған отбасы балалары мен жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қоғамда жарқын өмір сүруін қамтамасыз етеді;
- Бала қиындықсыз білім алуға толық жағдай жасалады, қоғамда өзін қауіпсіз сезінеді;
- Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдерге әлеуметтік қолдау көрсетіліп, бала құқықтары қорғалады;
- Болашағы дамыған, тұғыры биік еліміздің азамат, азаматшасы болатынына сеніммен қарайды

№	Өткізілетін іс – шаралар	Орындау мерзімі	Жауапты маман	Есеп беру нысандары
I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу				
1.	Әлеуметтік топтағы және мектепшілік есептегі білім алушылармен тәрбиленушілерге қолдау көрсету барысында комиссия құру.	Тамыз	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай	АББ
2.	Мектеп асханасынан тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құру	Тамыз	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай	АББ
3.	1-11 сынып оқушылары туралы толық мәліметі кестеге сәйкес жинақтау	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Класс жетекшілер	Мектеп директоры
4.	<p>1-11 класқа әлеуметтік диагностикалық куәлік (паспорт) жасау;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Толық отбасылар - Толық емес отбасылар - Анасы жоқ балалар - Әкесі жоқ балалар - Көп балалы отбасы - Аз қамтамасыз етілген отбасы - Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар - Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар - Азаматтығы жоқ білім алушылар - Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар - Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар - Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар <p>Ата-аналарының білімі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жоғары, жоғары білімнен кейінгі - Техникалық және кәсіптік - Орта 	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Класс жетекшілер	Мектеп директоры
5.	Мектептің әлеуметтік куәлігін (паспорт) құру;	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай	Мектеп директоры

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы

1.	1-4 класс оқушыларына «Сақ болайық балалар!» тақырыбында жадымана жұмысын жүргізу	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай	Мектеп директоры
2	«Қауіпсіз болашақ!» атты түсіндірме жұмысын жүргізу 5-11 класс	Қазан	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай	Мектеп директоры
3	«Барлық бала партада» атты тақырыпта сынып аралық рейд ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.	Ай ына 2 рет	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, медбике, тәлімгер, педагог-психолог	Мектеп директоры
4	1-11 сынып оқушыларына «Зорлық-зомбылықтың қорғану және сенім телефоны» ақпараттық түсіндірме жұмыстары	Қараша-Ақпан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог	Мектеп директоры
5	«Сыныптың жағдайы» атты тақырыпта сынып белсенділерімен жиын өткізу.	Желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, тәлімгер	Мектеп директоры
6	«Бала құқын білеміз бе?» атты жас ұстаздармен ақпараттық танымдық сағат өткізу.	Қазан (күзгі демалыс)	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай педагог-психолог	Мектеп директоры

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс

1	«Қолайсыз отбасы» санатына іліккен отбасымен және ондағы тәрбиеленіп жатқан оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу <u>Жеке жұмыс жоспарын құру</u>	Анықталған уақыттан бастап	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай	Мектеп директоры
2	Өмірде қиындыққа тап болған оқушыларға кеңестер беріп, әлеуметтік- психологиялық көмектер көрсету, қоршаған ортасында жеке қауіпсіздігінің сақталуына жәрдемдесу .Құқығының қорғалуын назарға алу. <u>КЕЙС бойынша жұмыс.</u>	Жоспар бойынша	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Комиссия мүшелері	АББ
3	Жетім және ата- анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың үйіне барып , тұрмыс жағдайларына бақылау жасау , зерттеу актілерін жүргізу.Жеке басының құқығын қорғау. Жеке басының құқығын қорғау. <u>Жеке жұмыс жоспар бойынша</u>	Жоспар бойынша	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай	АББ
4	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың тізімін жасақтау. Әлеуметтік тұрмыс жағдайымен, ата – анасымен танысу; Оқу – тәрбие жұмыстарымен қамтылуына бақылау жасау; <u>Жеке жұмыс жоспар бойынша</u>	Жоспар бойынша	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Дефектолог	Мектеп директоры
6	Өгей әке немесе өгей ана тәрбиесіндегі оқушыларды есепке алу, жеке картатекасын жасау, оқушылардың толық білім алуына жағдай жасау және қадір-қасиетіне қол сұғылмауын қадағалау. <u>Жеке жұмыс жоспар бойынша</u>	Жоспар бойынша	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай	Мектеп директоры
7	Уақытша туысының үйінде жатып білім алушыларды есепке алу, жеке картатекасын жасау, оқушылардың толық білім алуына жағдай жасау және қадір-қасиетіне қол сұғылмауын қадағалау. <u>Жеке жұмыс жоспар бойынша</u>	Жоспар бойынша	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай	Мектеп директоры
8	Төтенше жағдайларға байланысты қиын жағдайларға тап болған	Мерзімінде	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай	АББ

	оқушыларды құқықтық қорғау, қолдау .Материалдық көмек беру.		Қамқоршылық комиссия	
9	Әлеуметтік топтағы оқушылардың құқықтық қорғау, қажеттілігіне қарай көмек беру.	Өтініш түскен уақытта	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Сынып жетекшілер	Мектеп директоры
IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы				
1	«Мектепке жол» акциясын өткізу	Тамыз	Мектеп әкімшілігі	АББ
2	№64 Үкіметтің қаулысына сәйкес жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген қаржыны заңдылыққа сәйкес ұйымдастыру	Тамыз	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Қамқоршылық кеңесі	АББ
3	Білім алушылар мен тәрбиленушілердің бір мезгіл тегін ыстық тамақ ішу туралы аудандық білім бөлімі тағайындаған анықтамасын тіркеу.	Мерзімінде	Мектепшілік әлеуметтік көмек көрсету комиссия	АББ
4	Білім алушылар мен тәрбиленушілердің мектепшілік және қала сыртындағы жаздық демалыс лагеріне аудандық білім бөлімі тағайындаған жолдамасын тіркеу.	Мерзімінде	Мектепшілік әлеуметтік көмек көрсету комиссия	АББ
5	№598 бұйрықтың 109-тармақшасына бойынша ыстық тамақтың берілуін қадағалау	Айына 2 рет	Тамақ сапасын қадағалау мониторинг жүргізу комиссия	Педагогикалық кеңес
6	Мектепшілік педагогикалық кеңестерге №598 бұйрықтың 3-тармағы бойынша ыстық тамақтың берілуі туралы баяндама жасау.	Тоқсандық пед.кеңес	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай	Педагогикалық кеңес
7	Атқарылған жұмыстар есебі туралы тоқсандық жарты жылдық, талдау жасау	Алты ай сайын	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай	АББ Мектеп директоры
8	ҚР Президентінің облыстық шыршасына, аудан әкімінің шыршасына әлеуметтік санаттағы балаларды қамту;	Желтоқсан	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Қамқоршылық кеңесі	АББ

9	Қорғаншы/қамқоршы және патронаттық тәрбиедегі балалардың жылдық статистикалық есебін (қаржы есебі, денсаулық анықтамасы) жасау және АББ тапсыру;	Алты ай сайын	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Қамқоршы-Қорғаншы ата-ана	Қамқоршы- қорғаншы бөліміне
10	Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың денсаулығын қадағалап, ай сайын мониторинг жасау және гигиеналық тазалығын басты назарда ұстап, күнделікті тексеріп отыру.	Ай сайын	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Мектеп медбикесі	ДТДЖО
11	Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың денсаулығын профилактикалық – медициналық бақылаудан өткізу.	Алты ай сайын	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Мектеп медбикесі	АББ
12	Сынып жетекшілерден сыныбындағы әлеуметтік топтағы оқушылардың сабаққа қатынасуы, баланың жеке жай-күйі туралы есептік кезең жүргізу.	Ай сайын	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай сынып жетекшілер Әлеуметтік комиссия	Мектепшілік әлеуметтік көмек көрсету комиссия

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

1	Мектепшілік есепте тұратын оқушылардың тұрғын жай актіні жүргізу. Отбасымен ахуалымен танысу.	Алты айда бір рет	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Сынып жетекші Педагог-психолог	Мектеп директоры
2	Мектепшілік есепте тұратын оқушылардың ата-аналарымен байланыс орнағып, сұхбат жүргізу.	Ай сайын	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай ДТДЖО	Мектеп директоры
3	Әлеуметтік тұрмысы төмен ата-аналармен байланыс орнату, қажеттілігіне сәйкес материалдық көмектер көрсету.	Өтінішке сәйкес	Мектепшілік әлеуметтік көмек көрсету Комиссия	Мектеп директоры

4	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қамқоршы-қорғаншы тәрбиелеушілерімен бала тәрбиесі қатысты профилактикалық жұмыс жүргізу . Отбасына рейд жүргізу.	Алты айда бір рет	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай	Мектеп директоры
5	Ата-аналар жиналыстарына қатысу; Бала алдындағы ата-ана міндеттері туралы баяндама оқу.	Тоқсан сайын	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай	Мектеп директоры
6	«Қауіпсіз болашақ!» атты ата-аналарға онлайн жадынама тарату. Ата-аналардың бала қауіпсіздігі үшін жауапкершілігін арттыру. Қоғамда болып жатқан теріс іс-әрекеттерден қорғану жолдарын ұсыну.	Қазан	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Сынып жетекшілер	Мектеп директоры

VI. Диагностикалау - талдау қызметі

1	Оқушылардың отбасылық жағдайын анықтау барысында анкеталық, сауалнама жүргізіп, талдау. (Мектепішілік картатека дайындау 1, 5, 10 сынып)	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Сынып жетекші	Мектеп әкімшілігі
2	Мектепке жаңадан келген оқушыларға әлеуметтік диагностика жасау. Отбасының әлеуметтік жағдайын зерттеу. Мектепішілік картатека дайындау.	Тоқсан сайын	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Сынып жетекші	Мектеп әкімшілігі
3	6-11 сынып оқушыларынан «Отбасы, қоғам және мен» атты диагностикалық сауалнама жүргізу.	Сәуір	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Сынып жетекші Педагог-психолог	Мектеп әкімшілігі
4	Сынып жетекшілермен бірлесе отырып туысқанының үйінде жатып оқитын және өгей әке, өгей анамен тұратын оқушылармен жиі байланысқа шығу, тұрмыстық жағдайларын бақылау, ағарту жұмыстарын жүргізу. Балалардың уақытылы үйде болуын қадағалау, ақпараттар алып отыру	Мерзімінде	Әлеуметтік педагог Г. Ыбрай Сынып жетекшілер	Мектеп әкімшілігі